

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Айсана» балабақшасы

Топ : ОРТАҢҒЫ топ

Балалардың жасы: 3 жастан бастап

Жоспардың құрылу кезеңі : 2022- 2023 оқу жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Музыка <i>Аптасына 1 сағ</i>	<p>Музыка тыңдау: Музыканы тыңдай білуді, таныс әндерді және оларға тән ерекшеліктерін тани білуді қалыптастыру.</p> <p>Ән айту: Аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қозғалыс: Жоғары және төмен дыбыстауды ажырату, оны ойын әрекеттерінде байқау</p> <p>Аспапта ойнау: Музыкалық және шулы ойыншықтардың, балаларға арналған аспаптардың дыбысталуын ажырату</p>
Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	Музыка	<p>Музыка тыңдау: Түрлі сипаттағы аспапта орындалған пьесаларды тыңдау, есте сақтау;</p> <p>Ән айту: Ән айтуда аспаптың сүйемелдеудегі дауысына бейімделу дағдыларын қалыптастыру;(дауысты а,о,у дыбыстарын анық айту)</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қозғалыс: Әннің ырғағына қарапайым би қимылдарын жасау, қайталау; Дербес ойындарда ырғақты қимылдарды қолдану.</p> <p>Аспапта ойнау: Балаларды музыкалық аспаптармен: сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.</p>

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қараша	Музыка	<p>Музыка тыңдау: Пьесаның көңілді мазмұнына эмоциялы көңіл-күйін тануларын дағдылау.</p> <p>Ән айту: Әуен сипатына үн қату, оның бөліктерінің өзгеруін байқау. жоғары және төмен дыбыстауды ажырату, оны ойын әрекеттерінде байқау.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау; бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеру.</p> <p>Аспапта ойнау: Сылдырмақтың дыбысталу динамикасын еске сақтауға, ажырата білуге үйретуді жалғастыру.</p>

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан	Музыка	<p>Музыка тыңдау: Ересектердің орындауындағы және аудио-бейне үн таспадан музыка тыңдау.</p> <p>Ән айту: Ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Таныс би қимылдарын қайталай білу жұптаса отырып би қимылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату.</p> <p>Аспапта ойнау: Сылдырмақтарды тыңдау және олардың дыбыстау динамикасын ажырату.</p>

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қаңтар	Музыка	<p>Музыка тыңдау: Түрлі қарқындағы музыканы тыңдау.</p> <p>Ән айту: Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз «ре-ля» бірінші октавасының диапазонында ән салу.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Әуенмен бірге шеңбер бойымен жүріп би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау; би ырғағын, музыканың би сипатын игеру.</p> <p>Аспапта ойнау: Бубен мен сылдырмақтарды тыңдау және олардың дыбыстау динамикасын ажырату.</p>

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан	Музыка	<p>Музыка тыңдау: Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау.</p> <p>Ән айту: Музыка мен және музыкасыз ән айту дағдыларын дамыту</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Таныс би қимылдарын қайталай білу жұптаса отырып би қимылдарын орындау, жануарлардың би қимылдарын ұқсату.</p> <p>Аспапта ойнау: Дыбыстарды биіктігіне қарай ажырату, қолмен көрсету;</p>

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Наурыз	Музыка	<p>Музыка тыңдау: Түрлі қарқындағы музыканы тыңдау; музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдау.</p> <p>Ән айту: Дыбыстарды биіктігіне қарай ажырату әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Бір-бірлеп, жұптаса, топтаса отырып би қимылдарын орындау; Жанаурлардың қимылдарын әуенге сәйкестендіріп келтіру.</p> <p>Аспапта ойнау: Балаларға арналған музыкалық аспаптарды ажыратып және атай білу</p>

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сәуір	Музыка	<p>Музыка тыңдау: Әртүрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдап, ажыратуға; ауыспалы ән сипатын ажырата білуге үйрету</p> <p>Ән айту: Әнді топпен және жеке орындай алу дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Білетін би қимылдарын әуенге сәйкестендіру, Таныс би қимылдарын қайталай білу, жануарлардың би қимылдарын ұқсату.</p> <p>Аспапта ойнау: Аспаптарды дербес ойындар мен қимылдарда еркін қолдану;</p>

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Мамыр	Музыка	<p>Музыка тыңдау: Баяу, жай сипаттағы әннің мазмұны мен көңіл күйін, қарқынын тыңдап ажыратуға баулу</p> <p>Ән айту: Дауыс диапазондарына мән беріп, әнді айқайламай, күш түсірмей орындауға үйрену;</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Әуенмен бірге шеңбер бойымен жүріп би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау; би ырғағын, музыканың би сипатын игеру.</p> <p>Аспапта ойнау: Балалар аспаптарының, музыкалық және шулы ойыншықтардың дыбысталуын ажырату және аспаптарда ойнау дағдыларын дамыту</p>
Нормативтік жүктеме		Аптасына 1 сағат Барлығы 36 сағат